

Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті
Хирургиялық және балаларстоматология кафедрасы

Балалар жасындағы терапиялық стоматологияның даму сатылары.

**Балар терапиялық стоматологиясы базалық және медициналық
дисциплинамен байланысы. Балалар стоматологиялық терапиялық
бөлмесін ұйымдастыру. Эргономика туралы түсінік. Балалар
терапиялық стоматология емханасында инфекциялық бақылау.**

Мамандығы: 5В130200 Стоматология

Пәні: Балалар стоматология негіздері

Курс: 3

Султанова Г.Д.

Дәрістің мақсаты

- Дәріс аяқталған соң, Сіздер балалар стоматологиясына анықтама беруді, ҚР балалар стоматологиялық қызметінің құрылысын білулеріңіз қажет
- Эргономика туралы түсінік. Балалар терапиялық стоматология емханасында инфекциялық бақылау туралы білулеріңіз қажет

Дәріс жоспары

- Кіріспе
- Балалар стоматологиясының пәні және міндеттері
- Қазақстандағы балалар стоматологиясының даму сатысы және балалар жасындағы стоматологиясына қосқан ғалымдардың үлесі.
- Қазақстан Республикасындағы балалар стоматологиялық қызметінің құрылысы

Проблемалық жағдай №1

Аурухана кафесінде дәрігер-ординатор, профессор-кеңесші, кіші және аға дәрігерлер балалар стоматологиясы туралы әңгімелесіп отыр.

Балалар стоматологиясы – қазіргі уақытта ең қажет мамандық – деп ординатор айтты да, аталған мамандыққа қажетті дәлелдерді атай бастады.

Дұрыс айтып отырсың, - деп жауап қатты профессор.

Тоқтаңыздар, - деп кіші дәрігер қарсылық білдірді де, балалар стоматологиясы тек дәрігер стоматологтың жұмысының бір бөлігі ғана деп өз ойын ортаға салды.

Сіз біршама салмақты дәлел келтірдіңіз, - деді профессор.

Бұл жерде бірдеңе дұрыс емес, айтылған көзқарастар бір-біріне қарама-қарсы. Оның біреуі қате болуы керек- деп жауап қатты аға дәрігер.

Профессор тосылып қалған дәрігерге мұқият қарады да, күлімсіреп жауап қатты: Егер ойлансақ, Сіз де дұрыс айтасыз.

Аудиторияға сұрақ Кімдікі дұрыс?



Проблемалық жағдай №2

Жеке тәжірибесі бар таныс дәрігер стоматологқа 2 жастағы баласымен анасы алдын ала стоматологиялық қарау мақсатында қаралды. Бала клиникаға көңілді кірді, оған клиниканың дәлізіндегі мультфильмдерді көрген ұнады. Анасы баласымен емдеу бөлмесіне шақырылды. Бала бөлмеге кірді, стоматологиялық креслоға отырды. Дәрігер жақындады да, ауызын ашуды өтінді. Бала бас тартты. Медбике және стоматологтың ассистенті таянды. Бала ешқайсысымен қарым-қатынас құрмады. Стоматологта анасы бір сағаттай уақыт отырып, мед.қарауды өтпей үйіне қайтты.

- **Сізге аталған мәселені шешуге не көмектеседі?**

Жауап

Міндетті түрде балалар
дәрігер-стоматологына
қаралу қажет

Балалар стоматологиясының пәні және міндеттері


- Балалар стоматологиясы - күрделі және көпсалалы мамандық. Оған балалар терапиялық стоматологиясы, жақ-бет аймағы хирургиясының барлық түрлері, нәрестелер мен жас сәбилердің күрделі хирургиясы, ортодонтия және протездеу, сондай-ақ стоматологиялық аурулардың алдын алу кіреді.

- Балалар жасындағы стоматология — стоматологияның ең жас тарауы және ғылым ретінде бірден пайда болған жоқ. Оның дамуына және жетілуіне ежелгі елдердің дәрігерлерінің мұраларын оқып қарауы себеп болды. Тістің жарып шығуы туралы қызықты берілулерді Гиппократ (б.э. дейін 460-372 ж) шығармаларынан оқуға болады. Саран Эфесский "De arte obstetrica" кітабында (98-138гг. н.э.), оны Римнің алғашқы педитарі деп есептейді, тістің жарып шығуы сұрақтары толық қарастырылған.

- Баланың стоматологпен танысуы, оған 1 жас толғанда басталуы қажет. Бірінші қарауларда балалар стоматологы кішкентай баламен қарым-қатынас құрады, шайнау-сөйлеу аппаратының дамуын бағалайды және ауыз қуысы гигиена жабдығын дұрыс таңдауға көмектеседі, сәбиді және оның ата-анасын тістерін дұрыс тазалауға үйретеді. Балада бірінші тістер жарып шыққаннан кейін анасы гигиена ережелерін ұстануы қажет: тістерін арнайы щеткамен немесе дәкелі шиыршықты саусақтың ұшына байлап, тамақтан кейін және ұйықтар алдында тазалау.



- 3 жастан бастап балалар стоматологына жарты жылда бір рет келу қажет. Негізінен, бұл жаста кәсіби гигиена және реминералдаушы терапиядан, тіс кіреукелерін фтормен, кальциймен, фосформен қанықтырудан тұратын профилактикалық ем қажет. Егер ерекше көрсеткіштер болса, профилактикалық ем жылына 4 ретке дейін қажет етіледі.



- Балалар стоматологиясының маңыздылығын түсінген алғашқы орыс дәрігерлерінің бірі Н.М.Амбодик-Максимович (1744-1812). А.А. Максимович-Амбодик «Босандыру (бала) өнері немесе әйелдер ісі туралы ғылым» деген өзінің еңбегінде балалар стоматологиясы сұрақтарын жазды, оның ішінде ауыз қуысы гигиенасынан көптеген пайдалы ақпараттар, тістер аурулары мен ауыз қуысы шырышты қабығы ауруларының суреттемесі. Н.Тимофеев (1801) балалардағы қоян жырықты емдеудегі хирургиялық емдер тәсілдерін жетілдірді.
- Орыстың хирург-травматологы И.Ф. Буш 1807 жылы «Хирургиядан сабақ берудің басшылығын» шығарды, онда тістердің дұрыс жарып шықпауының себептерін, ауытқулар түрлерін, оларды кетіру әдістерін жазған.

- 1829 жылы А.М. Соболевпен шығарылған «Дентистика немесе балалар гигиенасымен қосымша тіс емдеу өнері» кітабы шығарылған – ол тіс дәрігерлігі бойынша орыс тіліндегі алғашқы еңбектердің бірі болып табылды.
- Хирург, ғалым, педагог, хирургиялық анатомияның негізін қалаушы Н.И. Пирогов (1810-1881) балалар бетінде пластикалық операцияларды, оның ішінде хейлопластиканы жүргізді. Орыс дәрігер-педиатр Н.П. Гундобин (1860-1908) «Балалар жасындағы жалпы және жеке терапия» басшылығындағы балалардағы тіс жарып шығуға, стоматологиялық ауруларға және гигиенаға, сондай-ақ осы аурулардың алдын-алуына назар аударды.

- Ресейдегі балалар тіс дәрігерлігінің негізін қалаушы деп бірінші орыс стоматология профессоры А.К. Лимбергты (1856-1906) санауға болады.
- 20—30 жылдары Н.И.Агапов балалардың ауыз қуысын жоспарлы сауықтырудың жаңа әдістерін ғылыми негіздеді. Балалар стоматологисының түрлі сұрақтары А.И. Евдокимов, Е.Е.Платонов еңбектерінде көрсетілді. Балалар стоматологиясы сұрақтарын тәжірибеге ендіруге И.О.Новик және Т.Т. Шкалярдың еңбегі сіңді.

- Ортодонтияның ғылыми-тәжірибелік негіздерін нығайтуға және дамуына Е.Н. Бынин, А.И.Бетельман, Д.А-Калвелис, Л.В. Ильина-Маркосян көп жігер жұмсады. Балалар хирургиялық стоматологиясының дамуына А.А.Лимберг, Ф.М.Хитров, А. А. Колесов, М.М.Соловьев, Ю.И. Вернадскийлардың еңбегі зор.
- Алдын алу бағдарламасының кеңінен дамуына А.И.Пахомов, И.В.Леус, И.М. Мельниченко, Т.Ф.Виноградова үлес қосты.

Қазақстан Республикасындағы балалар стоматологиялық қызметінің құрылысы

- 01.01.04 жылында Қазақстан Республикасында 5 млн. тарта балалар өмір сүрді (15 жасқа дейін – 3750,0 мың, жасөспірімдер – 962,8 мың). Қала және ауыл балаларының қатынасы негізінен бірдей. Балалар мен жасөспірімдердің жалпы санына 3102 мың оқушы келеді. Тіс дәрігерлері және дәрігер-стоматологтармен қамту 10 мың қала тұрғынына 3,5 қызметті, 10 мың ауыл тұрғынына 1,3 қызметті құрайды. Бірақ бала тұрғындарына салыстырмалы стоматологиялық көмек негізінен қалалық жерлерде көрсетіледі. Ауылды жерлерде стоматологиялық ем-шара көмегі негізінен қаралуына байланысты көрсетілді.

Стоматологиялық қызметтің құрылысы әр түрлі. Емдік-профилактикалық стоматологиялық көмек келесі деңгейде көрсетіледі :

- дәрігералды (ФП, ФАП);
- бірінші реттік стоматологиялық көмек деңгейінде (ЖДА, ұйымдастырылған балалар ұжымдарындағы стоматологиялық бөлмелер);
- кәсіби стоматологиялық көмек деңгейінде (ОАА стоматологиялық бөлім немесе бөлме, мемлекеттік немесе мемлекеттік емес жеке меншік түріндегі стоматологиялық клиникалар);
- жоғарыбілікті стоматологиялық көмек деңгейінде (облыстық балалар стоматологиялық емханалары, медициналық оқу орнының стоматологиялық факультетінің базалық клиникалары).

- Дәрігералды деңгейі көп сатылы кешенді стоматологиялық қызметтің алғашқы звеносы болып табылады, алдын алу бағытында жүреді. Алдын алу шаралары тіс гигиенистері, ата-аналар, тәрбиешілер және мұғалімдердің көмегі арқылы орташа медициналық қызметкерлердің көмегімен жүзеге асырылады.



- Алғашқы стоматологиялық көмекті заманға сай технологияларды кеңінен қолданбайтын бормашиналармен немесе стоматологиялық қондырғылармен жабдықталған, стоматологиялық бөлмедегі дәрігер-стоматолог жүргізеді.



- Мамандандырылған стоматологиялық көмекті стоматологияның таңдалған саласы бойынша интернатураны бітірген және мамандығы бойынша біліктілігін арттырған немесе клиникалық ординатураны бітірген жалпы тәжірибедегі стоматолог дәрігерлері жүргізеді.



- Жоғарыбілікті стоматологиялық көмекті мамандық бойынша тақырыптық біліктілігін арттырған бірінші және жоғары категориялық дәрігер стоматологтар жүргізеді.
- Елімізде балаларға қазіргі заманғы стоматологиялық көмек жоспарлы және бастамалы сипатты, яғни балалар мен ата-аналардың тілегіне қарай және қажеттілігіне қарай стоматологиялық көмек алу мүмкіншілігімен қатар емханаларда педиатрлік бөлікте, мектеп жасына дейінгі ұжымдарда, мектептерде балалардың жоспарлы қараулары, аурулар емдері және жоспарлы алдын-алу шараларының жинақтары жүргізіледі. Балаларға стоматологиялық көмектің ұйымдастырылуының негізгі бөліміне жеке емхана жатады.

- Балалар стоматологиялық емханалары емдеу, алдын-алу жұмыстарын, арнайы қызметтерді (ортодонтиялық, физиотерапиялық, рентгенологиялық бөлімдер, ауыз қуысы шырышты қабығы аурулары мен пародонт ауруларын емдеу кабинеттері) қамтамасыз етулері тиіс.



- Емханаларда амбулаторлы стоматологиялық көмектер, ал күрделі патологиямен стационарда көмек көрсетіледі. Көпсалалы ауруханада бөлек стоматологиялық бөлім ашу бет-жақ аймағының әр түрлі патологиясымен стационарлық көмек көрсетуді балаларға ұйымдастыруының қолайлы варианты болып табылады.
- Стоматологиялық қызметінің құрылымы әр түрлі. Тұрғындарға барынша кабинеттер (мектепте, аудандық стоматологиялық емханада) жақын ашылған. Бұл бөлімшелер алдын-алу жұмыстарына көзделуі тиіс. Тұрақты контингенттің болуы және бағдарламаны жүзеге асырудың сатылығы алдын-алу жұмысының жоғары тиімділігін қамтамасыз етеді.

- Көмек көрсетудің екінші деңгейіне балалар стоматологиялық емхана мен бөлім жатады. Бұл бөлімдердің есебі арнайыланған көмек көрсету болып табылады. Яғни осында мектеп жасына дейінгі балаларға емдеу-алдын-алу жұмыстары жүргізіледі. Осында ерте жастағы балаларды (0-3 жас) диспансеризациялаумен айналысатын қызметті бөлуге болады. Бұл жаста жүргізілетін алдын-алу жұмысының жоғары тиімділігін, қазіргі кездегі тістер ақауының санының күрт өсуін және тіс-жақ ауытқуларының ерте қалыптасуын ескеріп, мұндай қызметтің бөлінуі орынды. Бұл деңгейде хирургиялық кабинет бөлінген, онда уақытша тістерді жұлудан басқа амбулаториялық хирургиялық операциялар жүргізіледі. Арнайы көмектің деңгейі тұрақты тістердің асқынған жегісін эндодонтиялық емдеу мен тістердің эстетикалық қалпына келтіруімен сипатталады.

- Бірінші және екінші деңгейлер саны басым балаларға алдын-алу және емдеу көмегін қамтамасыз етеді. Қызметің үшінші деңгейі – ол облыстың, қаланың балалар стоматологиялық емханалары, жоғары оқу орындарының емханалары, арнайы кеңес беру – нақтамалау орталықтары жататын емдеу – кеңес беру мекемелері жатады. Бұл мекемелер жоғарыкәсіби арнайы көмек көрсетеді.
- Үш деңгейлі қызмет алдын-алу және емдеу балалар стоматологиясының есептеріне толық сәйкес келеді және әр түрлі мекемелер арасында жұмысты ажырата отырып күштері мен қаражаттарды қолайлы және үнемді бөледі.

Әрбір науқасты жүргізген кезде ҚР ДМ бекіткен есептеу-есеп беру құжаттары толтырылады:

- стоматологиялық науқастың ауру тарихының пішіні № 043-у,
- диспансерлік бақылау картасы № 030,
- дәрігер-стоматологтың жұмысын тіркеу ақпараты № 039,
- дәрігер-стоматологтың күнделікті есеп парағы № 037.

- Құжаттарды дұрыс, анық жүргізу дәрігер-стоматологтың, әсіресе нарықтық экономика қиын күрделі жағдайда жұмыстың сапалы көрсеткіші болып табылады.
- Дәрігер-стоматологтың еңбегі есебінің жүйесі – ЕШБ (УЕТ) – еңбегінің шартты бірлігі.
- Балалар дәрігер-стоматологының еңбегі ЕШБ бойынша бағаланады, балалар стоматологиясының жұмысын ұйымдастыруының негізгі ұстанымы жоспарлы сауықтыру жұмысын жүргізу екенін есепке алу керек. Дәрігер-стоматолог жұмысы бағасының негізіне бөлімшеде сауықтыру, диспансеризация және алдын-алу көмегімен балаларды максимальды қамтудың жоспарлы жұмысын орындау қаланған.



- Балалар стоматологиясының негізгі міндеті – бұл тек кәсіби көмек қана емес, сондай-ақ баламен психологиялық қатынас құра білу. Дәрігер баланың стоматологиялық клиникаға келуіне жағымды әсер ете білуі керек. Бұл кезде балалар стоматологы сәбидің эмоциональды дамуы мен темпераментін ескере отырып, аздап психологта бола білуі қажет. Сонымен қатар, балалар стоматологы ата-анасының баланың тісін емдеуге деген көзқарасын да ескере білуі қажет.

Балалар стоматологиясы – бұл тек емдеу ғана емес, оның алдын алу.

**Балалар үшін сапалы
стоматология – бұл балалар
психологиясынан білімін қолдана
отырып, кәсіби медициналық
қызметті бірлестіру.**



Стоматологиялық бөлмені ұйымдастыруға қойылатын талаптар

14 м² кем емес.

Қосымша қондырғыға 10 м².



Бөлме биіктігі 3 м кем емес



Бөлменің қабырғалары мен еден
40коэффицентінен кем болмауы керек.
Көбінесе 40.

•температурасы - 18-22 °С. щитками.


•Ылғалдылығы 25-28



• Жарықтық коэффициент 1:4 — 1:5.



Скорость вращения бора микромотором 2000-15 000 об/мин, турбинные наконечники вращают бор со скоростью 300000-450000 об/мин.



Эргономика

- Дәрігер стоматолог көп уақыт бөлігін отырып жұмыс істеуі керек, ал тұрп тек қықа уақыттық жұмыс атқаруы керек.

- **Эргономика** (гр. *ergon* – жұмыс + *nomos* – заң) – еңбек құралдары мен үдерістерін оңтайландыру арқылы стоматологиялық қабылдау барысында қолайлы жағдай жасау мақсатымен дәрігерді стоматолог қалпын және оның қазіргі заманғы өндірістің еңбек үдерістеріне қатысуын зерттейтін ғылыми пән.
- Эргономиканың негізгі міндеттері;
- Жұмыстың максималды ыңғайлылығын қалыптастыру •
 - Бөлменің рационалды жабдықталуы
 - медицина қызметкерлеріне емдеу бөлмесін барынша барынша ыңғайластыру
 - психологиялық және эмоционалды жүктеменің төмендетілуі

- Отыру қалпында :
- • көз деңгейінде, шынтақ,, бел аяқ сызықтары араллель болуы керек
- • балытдан бүгілген жерінде 105° , тек 2/3 бөлікке отыруы керек
- • тізе буындары еденге перпендикулярлы орналасуы керек;
- • бас вертикалд ықалыпта болуы керек;
- • бел буынында бұрылыстар аз болуы керек.;
- иықтар еркін тұруы керек
- • аяқтары арположение ног: ноги слегка расставлены (на 30°),

- Асептика – микроорганизмдердің түсуін болдыртпауға бағытталған шаралар жиынтығы.

• **Стерилизация; дезинфекция, стерилизация алды өңдеу , стерилизация.**

1. Детская стоматология: учебник / под ред. О.О. Янушевича, Л.П. Кисельниковой, О.З. Топольницкого. - М. : ГЭОТАР-Медиа, **2017.- 744 б.**

2. Стоматология детского возраста: учебник: в **3** ч. / Л. С. Персин [и др.]. - М.: ГЭОТАР-Медиа, **2016.** - Ч. **3.** Ортодонтия. - **240 б.**
Стоматология детского возраста: учебник: в **3** ч. - **2-е** изд., перераб. и доп. / В. М. Елизарова [и др.]. - М.: ГЭОТАР-Медиа, **2016.** - Ч. **1.** Терапия. - **480 с.**

3. Стоматология детского возраста: учебник: в **3** ч. / О. З. Топольницкий [и др.]. - М.: ГЭОТАР-Медиа, **2016.** - Ч. **2.** Хирургия. - **320 б.**

4. Курякина Н.В. Детская терапевтическая стоматология. – М. –Н. Новгород, **2007– 744 б.ф**